

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы

**Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны
(2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)**

Осы Занға өзгерістер енгізу туралы:

2018.02.07. № 166-VI КР Занын қараңыз (2023 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі);

2022.12.07. № 138-VII КР Занын қараңыз (2024 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі)

1-тaraу. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

2-бап. Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңдары

3-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудың обьектісі

4-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты мен негізгі принциптері

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруға жетекшілік түлгелар

2-тaraу. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету

6-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

7-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасаспайды жолаушыларды тасымалдауга жол бермеу

8-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жузеге асырудың ерекшеліктері

9-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл

3-тaraу. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты

10-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты және оны жасасу тәртібі

10-1-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде сақтандырушуға және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар

11-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының қолданылуы

12-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

13-бап. Сақтануышының (сақтандырылуышының) құқықтары мен міндеттері

14-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері

15-бап. Жәберленишинің құқықтары

4-тaraу. Сақтандыру сыйлықақылары

16-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлишері

17-бап. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлишерін ұлгайту

18-бап. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеудің тәртібі мен мерзімдері

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

5-тарау. Сақтандыру жағдайын, келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

19-бап. Сақтандыру жағдайын келтірілген зиянның мөлшерін айқындау

20-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

21-бап. Сақтандыру төлемін жузеге асырудың жалпы шарттары

22-бап. Сақтандыру төлемін жузеге асырудың тәртібі

23-бап. Зиян келтірген тұлғага кері талап қою құқығы

24-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жузеге асырудан босатудың негіздері

24-1-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері

6-тарау. Қорытынды ережелер

25-бап. Дауларды қарастыру тәртібі

26-бап. Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заң тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру саласындағы туындастын қатынастарды реттейді және оны жүргізуін құқықтық, қаржылық және ұйымдық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

2013.04.07. № 132-V КР Заңымен 1-бап өзгертулді (бұр.ред.қара); 2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 1-бап жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жәбірленуші - тасымалдауды жузеге асыру кезінде өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтірілген жолаушы;

2) жолаушы - тасымалдаушымен ауызша немесе жазбаша нысанда тасымалдау шартын жасасқан жеке тұлға;

3) жолаушының мүлкі - тасымалдау кезінде зиян келтірілген үшін тасымалдаушы жауап беретін жолаушының бағажы және жолаушының өзімен алып жүретін қол жүгі;

4) пайда алушы - осы Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

5) сақтандыру жағдайы - басталуына орай сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жузеге асыруды көздейтін оқиға;

6) сақтандыру омбудсманы - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жузеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

7) сақтандыру сомасы - сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

8) сақтандыру сыйлықақысы - сақтанушы сақтандырушыға соңғысы сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізу міндettемесін қабылдағаны үшін төлеуге міндettі ақша сомасы;

9) сақтандыру төлемі - сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы;

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

10) сақтандырушы - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алған, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда алушыға) шартта айқындалған сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндettі занды тұлға;

11) сақтандырылуши - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

12) сақтанушы - сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтанушы бір мезгілде сақтандырылуши болып табылады;

13) тасымалдаушы - меншік құқығымен немесе өзге де занды негіздерде, қалалық рельстік көлікті қоса алғанда, теміржол, теңіз, ішкі су, өуе, автомобиль көлігі құралын иеленетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жолаушыларды және олардың мүлкін ақы төлеу немесе жалдау бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

14) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі - тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеуінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген өтеу міндettі;

15) франшиза - сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату.

2-бап. Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы зандары

1. Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы зандары Қазақстан Республикасының [Конституциясына](#) негізделеді және Қазақстан Республикасының [Азаматтық кодексінен](#), осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады. *2021.02.01. № 399-VI ҚР Заңымен 3-тармақпен толықтырылды (2020 ж. 16 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілді)*

3. Осы Заңың сақтандырушыға, оның ішінде сақтандыру үйимына қатысты қолданылатын ережелері Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру үйимдарының филиалдарына қолданылады.

3-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандырудың объектісі

Тасымалдаушының Қазақстан Республикасының азаматтық зандарында белгіленген жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндettіне байланысты мүліктік мүддесі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру (бұдан әрі - тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру) объектісі болып табылады.

4-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандырудың мақсаты мен негізгі принциптері

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандырудың мақсаты жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету болып табылады.

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2018.02.07. № 166-VI ҚР Занымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандырудың негізгі қағидаттary: жәбірленушілердің мүліктік мудделерін осы Занда белгіленген көлемде және тәртіппен қорғауды қамтамасыз ету;

тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігі сақтандырылған тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру;

тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша тараптардың өз міндettемелерін орындауды қамтамасыз ету болып табылады.

2013.04.07. № 132-V ҚР Занымен 5-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

5-бап. Азаматтық-құқықтық жауапкершілігі тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыруға жататын тұлғалар

1. Жолаушыларды және олардың мүлкін темір жол, теңіз, ішкі су, өуе, автомобиль көлігімен және қалалық рельстік көлікпен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың - Қазақстан Республикасы резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндettі сақтандырылуға жатады.

2. Тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралының әр бірлігі бойынша сақтандырылуға жатады.

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің еркіті сақтандыру шартын жасасуы тасымалдаушыны тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндettен босатпайды.

2-тарау. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету

2013.04.07. № 132-V ҚР Занымен 6-бап өзгертілді (бұр.ред.қара)

6-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау

2009.11.07. № 185-IV Занымен (жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн откен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2012.05.07. № 30-V ҚР Занымен (бұр.ред.қара); 2019.03.07. № 262-VI ҚР Занымен (2020 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ өзгертілді

1. Сақтандыру үйімдарының қызметтің мемлекеттік бақылауды және қадағалауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы нарығы мен қаржы үйімдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Тасымалдаушының осы Занда тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу болігінде орындалуына мемлекеттік бақылау жасау:

2014.17.04. № 195-V ҚР Занымен 1) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланған күнінен кейін алты ай откен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1) автомобиль көлігін және қалалық рельстік көлікті пайдалануға қатысты жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне;

2006.31.01. № 125-III ҚР Занымен 2) тармақша өзгертілді; 2018.24.05. № 156-VI ҚР Занымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2) өуе көлігін пайдалануға қатысты көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға;

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2006.31.01. № 125-III ҚР Заңымен 3) тармақшамен толықтырылды; 2010.06.01. № 238-IV Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2010.30.06. № 297-IV ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2011 ж. 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2014.07.11. № 248-V ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2017.26.12. № 124-VI ҚР Заңымен 3) тармақша өзгертілді (2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы автомобиль өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдарына жүктеледі.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 7-бап жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

7-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасаспай жолаушыларды тасымалдауга жол бермеу

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасаспаған тасымалдаушының жолаушыларды тасымалдауына жол берімейді.

2. Халықаралық тасымалды жүзеге асыратын тасымалдаушы Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасуға міндettі.

3. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері және көліктік бақылау органдары құжаттарды тексеру кезінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу жөніндегі міндettі тасымалдаушының орындауын тексеруге міндettі.

4. Көлік және коммуникациялар саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган осы баптың 1-тармағын бұзғаны үшін тасымалдаушы лицензиясының қолданысын алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұрады.

8-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыруды жүзеге асырудын ерекшеліктері

2009.30.12. № 234-IV Заңымен (бұр.ред.қара); 2015.27.04. № 311-V ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2019.25.11. № 272-VI ҚР Заңымен (2020 ж. 2 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 1-тармақ жаңа редакцияда

1. Сақтандыру үйімі тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензия алғанға дейін «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған тәртіппен Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен қатысу шартын, міндettі сақтандырудың көрсетілген түрі бойынша лицензия алған қүннен бастап құнтізбелік отыз күн ішінде осы шартты жасасатын жаңадан құрылатын сақтандыру үйімін қоспағанда, жасасуға міндettі.

2006.20.02. № 128-III ҚР Заңымен (бұр. ред. қара); 2009.11.07. № 185-IV Заңымен (жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 2-тармақ жаңа редакцияда; 2012.05.07. № 30-V ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыруши өзінің шоғырландырылған қаржылық есептілігін, ал еншілес үйімі (үйімдары) болмаган жағдайда -шоғырландырылмаган қаржылық есептілігін және аудиторлық есебін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын кемінде екі мерзімді баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде жыл сайын жариялауға міндettі.

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

3. Бәсекелестікті шектеуге немесе жоюға, бір сақтандырушыларға басқалар алдында тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі негізсіз артықшылықтар беруге немесе оларды алуына, сақтанушылардың құқықтары мен занды мүдделеріне қысым жасауға бағытталған қызметке жол берілмейді.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Мемлекеттік кәсіпорындар, сондай-ақ акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдар және олармен үлестес занды тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алуулар туралы зандарына сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша көрсететін сақтандыру қызметін алуға міндettі.

5. 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))

2014.17.04. № 195-V ҚР Заңымен 9-бап жаңа редакцияда (ресми [жарияланған](#) күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

9-бап. Ақпараттық өзара іс-қимыл

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері жолаушылар автомобиль көлігіндегі көлік оқиғасына қатысуышыларға сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құжаттардың бір-бір данасын, оның ішінде жол оқиғасының схемасымен қоса, жол жүрісі қағидаларының бұзылуы туралы хаттаманың көшірмесін тегін береді.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Жолаушылар көлігіндегі оқиға және оның салдары туралы ақпарат қолында бар жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері, прокуратура органдары, соттар, денсаулық сақтау ұйымдары, өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар осы ақпаратты сақтандырушыға, сақтандырылуышыға, пайда алушыға және сақтандыру омбудсманына олар өтініш жасаған кезде беруге міндettі.

3. Жолаушыларды автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушының жәбірленушілерге немесе олардың мұрагерлеріне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға мүмкіндігі болмаган кезде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелері тиісті сақтандырушыға осы көлік оқиғасы туралы хабар беруді жүзеге асырады.

Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы туралы кез келген басқа адамның да хабарлауға құқығы бар.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді)

4. Ақпараттық өзара іс-қимылдың осы баптың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген түрлері сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқор арқылы электрондық ақпараттық ресурстар алмасу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

3-тарау. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты

10-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты және оны жасасу тәртібі

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру осы Заңға сәйкес сақтанушы мен сақтандырушының арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында мүліктің тауарлық құнының жоғалуын, сондай-ақ жәбірленушінің тауарларды жеткізуіндік немесе

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

жұмыстарды жүргізуін (қызметтер көрсетудің) мерзімдерін, оның келісім-шарттар (шарттар) бойынша өзге де міндettемелерді бұзына байланысты тұрақсыздық айбын өтеуді қоса алғанда, жәбірленушінің моральдық зиянын және ала алмаған пайдасын өтеуді қоспағанда, жәбірленушінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан туындаған міндettемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты міндettі сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс.

Сақтанушы сақтандырушыны таңдауда ерікті.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушы сақтанушыға тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға құқылы емес.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтанушы сыйлықақысын төлеуге міндettенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушыға осы Занда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндettенеді.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу үшін сақтанушының өтініші негіз болып табылады.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында көрсетілуге жататын талаптардың толық болмағаны үшін сақтандырушы жауапты болады. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша оның жекелеген талаптарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-1-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4-1. Сақтанушының қалауы бойынша тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты сақтандырушыға жүгіну не сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу арқылы жасалуы мүмкін.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5. Сақтандыру полисінде, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің [826-бабында](#) санамаланған талаптардан басқа, сақтандырушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері көрсетілуге тиіс.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.

6. 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды (**2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді**) (бұр.ред.қара)

7. Егер сақтандырушы тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын сақтанушының (сақтандырылышының) немесе жәбірленушінің жағдайын осы Занда көзделгенмен салыстырғанда нашарлататын талаптармен жасасса, онда сақтандыру

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) жағдайы басталған кезде сақтандырушы сақтанушының (сақтандырылуышының) және жәбірленушінің алдында осы Заңда белгіленген талаптар бойынша міндettі болады.

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 10-1-баппен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

10-1-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде сақтандырушыға және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу кезінде сақтандырушының интернет-ресурсы сақтанушы (сақтандырылуышы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстар алмасу үшін пайдаланылады.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу үшін өтініш беру кезінде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық қамтылымды пайдалану талап етілмейді.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасасу үшін пайдаланылатын сақтандыру үйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымның интернет-ресурсында орналастырылады.

2. Сақтанушы (сақтандырылуышы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасындағы электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде сақтандырушы:

1) сақтанушыға тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу не оны жасасудан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы хабарламаны электрондық хабар түрінде дереу жөнелтуді;

2) сақтанушының тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты жөніндегі ақпаратты дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйымның ақпараттық жүйесі арқылы тексеру мүмкіндігін;

3) сақтанушы үшін сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтауды;

4) сақтанушыға (сақтандырылуышыға, пайда алушыға):

мәліметтерді өзгерту, тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын қайта ресімдеу;

тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабардар ету;

келтірілген зиян мөлшерін бағалауды жүргізу;

сақтандыру төлемін алу үшін қажетті ақпаратты (өтініштерді, хабарламаларды және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) электрондық нысанда жасау және сақтандырушыға жөнелту мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндettі.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама дереккорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі үйимнан жіберіледі.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу туралы хабарламаның тәртібі мен мазмұнына қойылатын талаптарды уәкілетті орган айқындаиды.

4. Егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде, осы сақтандыру

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап сақтанушымен сақтандырушы ұсынған талаптарда жасалды деп есептеледі.

5. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу кезінде сақтанушы осы Занда көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді, сол арқылы өзіне ұсынған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісетінін растайды.

6. Сақтандырушы тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттарын сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасасу мүмкіндігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

7. Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдаланып тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметіне жол берілмейді.

11-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының қолданылуы

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты осы Занға сәйкес жәбірленуші деп танылған барлық адамдарға қатысты қолданылады.

2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты, егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген, ал оны төлем мерзімін ұзартып төлеген кезде - бірінші сақтандыру жарнасын төлеген кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндettі болады.

3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты, осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, күшіне енгізілген күннен бастап он екі ай мерзімге жасалады.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты сақтандырудың барлық мерзімі ішінде қолданылады және бірінші сақтандыру жағдайының басталуы бойынша қолданылуын тоқтатпайды.

4. Егер тасымалдаушының жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыру құқығы он екі айдан кем мерзім ішінде аяқталатын болса, онда тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты тек осы мерзімге ғана жасалады.

2006.20.02. № 128-III КР Занымен 4-1-тармақпен толықтырылды; 2022.12.07. № 138-VII КР Занымен 4-1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4-1. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің таратылатын қатысуышысы-сақтандыру ұйымының кредиторларымен (сақтанушыларымен) он екі айдан кем мерзімге жасасуға жол беріледі.

5. Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шартта өзгеше көзделмесе, тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартының қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

12-бап. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық [кодексінде](#) белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

2. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату үшін сақтанушы (сақтанушы қайтыс болған жағдайда - оның мұрагері (мұрагерлері) сақтандырушыға жазбаша өтініш береді.

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 3-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан және осы сақтандырушымен тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандырудың жаңа шартын жасасқан кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

$$\text{ССБ} = \text{СС} * n/N, \text{ мұнда:}$$

ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

СС - тасымалдаушыны міндettі сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (тенгемен);

n - тасымалдаушыны міндettі сақтандыру шарты күшіне енген күннен бастап, өтініш жасалған күнді қоса алғанда, оны мерзімінен бұрын тоқтатқан күнге дейін өткен мерзім (күнмен);

N - тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты жасалған мерзім (күнмен).

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген шарттар сақталмаған кезде сақтандырушының сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде мынадай мөлшерлерде ұстап қалуға құқығы бар:

p/c	Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап ол мерзімінен бұрын тоқтатылған кезге дейін өткен мерзім	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан пайызбен)
1	2	3
1	1 айды қоса алғанға дейін	20
2	1 айдан 2 айды қоса алғанға дейін	30
3	2 айдан 3 айды қоса алғанға дейін	40
4	3 айдан 4 айды қоса алғанға дейін	50
5	4 айдан 5 айды қоса алғанға дейін	60
6	5 айдан 6 айды қоса алғанға дейін	70
7	6 айдан 7 айды қоса алғанға дейін	75
8	7 айдан 8 айды қоса алғанға дейін	80
9	8 айдан 9 айды қоса алғанға дейін	85
10	9 айдан 10 айды қоса алғанға дейін	90
11	10 айдан 11 айды қоса алғанға дейін	95
12	11 айдан жоғары	100

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 13-баптың тақырыбы өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

13-бап. Сақтанушының (сақтандырылуышының) құқықтары мен міндептері

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Сақтанушы (сақтандырылуышы):

1) сақтанушыдан тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандырудың талаптарын, тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндептерін түсіндіруді талап етуге;

2) 2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен алып тасталды (**2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді**) (бұр.ред.қара)

3) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4) сақтандырушы (оның ішінде сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) немесе тәуелсіз сарапшы жүргізген, келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисаптарымен танысуға;

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатуға (бұл құқық сақтанушыға ғана қолданылады);

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды

5-1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін осы Заңың **24-1-бабында** көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара) 6) тармақша жаңа редакцияда

6) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының **Заңында** көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

7) осы Заңда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алуға құқылы.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартында сақтанушының (сақтандырылуышының) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа құқықтары да көзделуі мүмкін.

2. Сақтанушы:

1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын жасасу кезінде осы Заңға сәйкес тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді сақтандырушыға ұсынуға;

2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақыларын төлеуге;

3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өзіне белгілі болғаннан бастап шұғыл түрде, бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей, қолдан келетін тәсілмен (ауызша, жазбаша) бұл туралы сақтандырушыға хабарлауға міндепті.

Ауызша нысандағы хабарлама кейіннен (жетпіс екі сағат ішінде) жазбаша түрде расталуға тиіс. Сақтанушы мен сақтандырылуыш бір тұлға болып табылмайтын жағдайларда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға хабарлау

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жаупкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

жөніндегі міндет сақтандырылушиға жүктеледі. Егер сақтанушының (сақтандырылушиның) дәлелді себептермен аталған іс-әрекеттерді орындау мүмкіндігі болмаса, ол мұны құжаттармен растауга тиіс;

4) сақтандыру жағдайы басталған кезде ықтимал шығындарды болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан мән-жайларда дұрыс және қолдан келетін шаралар алуға, оның ішінде мүлікті құтқаруға және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету шараларын қолдануға;

2008.26.05. № 34-IV Заңымен 5) тармақша өзгертілді (бұр.ред.қара); 2014.17.04. № 195-V ҚР Заңымен 5) тармақша жаңа редакцияда (ресми жарияланған кунінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

5) сақтандыру жағдайы және зардап шеккен адамдар туралы тиісті органдарға олардың құзыретіне қарай (жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның бөлімшелеріне, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарына, жедел медициналық жәрдем қызметіне, авариялық қызметтерге) хабарлауға;

6) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы акті жасауға;

7) сақтандыру жағдайының басталуына жаупапты адамға кері талап қою құқығының сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндettі.

Тасымалдаушының жаупкершілігін міндettі сақтандыру шартында сақтанушының Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да міндettтері көзделуі мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағының 4), 5) және 7) тармақшаларында аталған сақтанушының міндettтері сақтандыру жағдайы басталған сэтте көлік құралын тікелей жүргізген адамға жүктеледі.

14-бап. Сақтандырушының құқықтары мен міндettтері

1. Сақтандыруши:

1) тасымалдаушының жаупкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтанушыдан, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жаупкершілігін міндettі сақтандыру шартына енгізу үшін қажетті мәліметтерді, оның ішінде тасымалдаушының жаупкершілігін міндettі сақтандырудың осының алдындағы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты беруін талап етуге;

2) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзыретіне орай, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

3) көлік оқиғасының себептерін және өзге де мән-жайларын анықтау үшін жәбірленушінің закымдалған (жойылған) мүлкіне бағалау жүргізуғе;

4) жәбірленушінің денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

5) осы Заңның *23-бабында* көзделген жағдайларда келтірілген зиян үшін жаупапты тұлғага кері талап қоюға;

6) осы Заңның *24-бабында* көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара жузеге асырудан бас тартуға құқылы.

Тасымалдаушының жаупкершілігін міндettі сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына қайшы келмейтін басқа да құқықтары көзделуі мүмкін.

2. Сақтандыруши:

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1) сақтанушыны (сақтандырылуышыны) тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру талаптарымен, оның ішінде тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындастын тараптардың құқықтарымен және міндettерімен таныстыруға;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2) тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтанушыға (сақтандырылуышыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;

2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 3) тармақша жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

3) тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабардар етілген кезінде оны үәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дереке тіркеуге және дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) жөнінде мәліметтер ұсынуға;

4) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабар алынған кезден бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтанушының немесе оның өкілінің өтініші бойынша келтірілген зиянның мөлшеріне бағалау жүргізуге, сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-қисабын көрсете отырып сақтандыру актісін жасауға және оны танысу үшін пайда алушыға ұсынуға;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-1) тармақшамен толықтырылды

4-1) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушы өтеуге тиісті зиянның мөлшерін раставтың құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлауға;

5) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жасауға;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды

5-1) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде сақтанушының (жәбірленушінің, пайда алушының) талабын қарауға және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беруге;

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 5-2) тармақшамен толықтырылды

5-2) сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды алынған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына қайта жіберуге;

6) сақтанушыға (сақтандырылуышыға) олардың сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатымен жұмсаған шығыстарын өтеуге;

7) сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндettі.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартында сақтандырушының Қазақстан Республикасының зандарына қайшы келмейтін басқа да міндettері көзделуі мүмкін.

15-бап. Жәбірленушінің құқықтары

1. Жәбірленуші:

1) сақтандырушыға сақтанушының (сақтандырылуышының) жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдауды жүзеге асыруы нәтижесінде болған сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлауға;

2) сақтанушының (сақтандырылуышының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауға және оларды сақтанушымен (сақтандырылуышымен)

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартын жасасқан сақтандырушыға беруге;

3) денсаулыққа және (немесе) мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға;

4) сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған, келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелерімен және сақтандыру төлемі мөлшерінің есеп-кисабымен танысуға;

5) осы Заңда белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алуға;

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 5-1) тармақшамен толықтырылды

5-1) тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындастын мәселелерді реттеу үшін осы Заңың [24-1-бабында](#) көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгінуге;

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 6) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

6) өтінішті және қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

7) келтірілген зиян сомасының алынған сақтандыру төлемі сомасынан асатын мөлшерінде келтірілген зиянды өтеу туралы тасымалдаушыға талап қоюға құқылы.

2. Осы Заңда көзделген жайларда, жәбірленушінің осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықтары пайда алушылар ретінде әрекет етуші өзге тұлғаларға өтеді.

4-тaraу. Сақтандыру сыйлықақылары

16-бап. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыруды жүзеге асырған кезде көлік құралының әр бірлігі үшін жылдық сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері белгіленеді (айлық есептік көрсеткіштермен):

Рет N	Көлік құралының атауы	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының мөлшері
1.	Автомобиль көлігі	
	1) жеңіл автомобилдер, автобустар, шағын автобустар жолаушылар орны 4-ке дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 4-тен 7-ге дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 7-ден 16-ға дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 16-дан 30-ға дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 30-дан көп 2) трамвайлар, троллейбустар	3 5 11,5 16 23 7
2.	Әуе көлігі	
	1) ұшактар жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 50-ден 120-ға дейін жолаушылар орны 120-дан 200-ге дейін жолаушылар орны 200-ден көп 2) тікүшақтар	400 990 2180 3820 135
3.	Теніз көлігі	
	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін жолаушылар орны 300-ден көп	50 100 150 300 530
4.	Ішкі су көлігі	

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

	жолаушылар орны 50-ге дейін, қоса алғанда жолаушылар орны 50-ден 100-ге дейін жолаушылар орны 100-ден 150-ге дейін жолаушылар орны 150-ден 300-ге дейін жолаушылар орны 300-ден көп	17,5 35 50 90 160
--	---	-------------------

2. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жолаушыларды және олардың мүлкін тасымалдау бойынша іске асырылатын қызмет көрсетуден түскен, тасымалдаушының жауапкершілігін сақтандыру шартының қолданылу күшінің кезеңі ішінде тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша алған (алуға тиіс) кіріс сомасының 0,2 процентін құрайды, бір ай ішінде алынған (алынуға тиіс) кірістен ай сайынғы жарналар түрінде төленеді.

3. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартын он екі айдан кем мерзімге жасасқан кезде сақтандыру сыйлықақыларының мынадай мөлшерлері белгіленеді:

Рет №	Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысынан процент есебімен)
1	2	3
1 2 3	1 айға дейін, қоса алғанда 1 айдан 2 айға дейін,	20 30 40 50 60 70 75 80 85
4 5 6	қоса алғанда 2 айдан 3 айға дейін, қоса алғанда 3	90 95 100
7 8 9	айдан 4 айға дейін, қоса алғанда 4 айдан 5 айға	
10 11	дейін, қоса алғанда 5 айдан 6 айға дейін, қоса	
12	алғанда 6 айдан 7 айға дейін, қоса алғанда 7 айдан	
	8 айға дейін, қоса алғанда 8 айдан 9 айға дейін,	
	қоса алғанда 9 айдан 10 айға дейін, қоса алғанда	
	10 айдан 11 айға дейін, қоса алғанда 11 айдан	
	жоғары	

Осы тармақтың күші темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушымен жасасқан тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартына қолданылмайды.

2018.02.07. № 166-VI КР Занымен 4-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді); 2022.12.07. № 138-VII КР Занымен 4-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйекten бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

4. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарты сақтандырушуның интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, сақтандырушуның ұйғаруы бойынша сақтанушыға осы бапқа және осы Заның [17-бабына](#) сәйкес есептелген, төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысының он пайызынан аспайтын мөлшерде шегеріс берілуі мүмкін.

Бұл ретте тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шартында бір мезгілде сақтандыру сыйлықақысының жалпы сомасы мен шегеріс (болған кезде) ескерілген сақтандыру сыйлықақысының сомасы көрсетілуге тиіс.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру шарттарын сақтандырушуның интернет-ресурсын пайдаланбай, өзге де тәсілдермен жасасу кезінде жеңілдіктер беруге жол берілмейді.

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

17-бап. Сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін ұлғайту

1. Темір жол тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушының жолаушылар алдындағы жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан кезде сақтандырушы осы Заңың [16-бабының](#) 2-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша, бірақ тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты қолданылатын кезеңдің ішінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жолаушылар мен олардың мүлкін тасымалдаудан алынған (алынуға тиіс) кіріс сомасының 0,5 процентінен аспайтын мөлшерге дейін ұлғайтуы мүмкін.

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 2-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

2. Теміржол тасымалынан басқа, жолаушылар тасымалының өзге де тұрларін жүзеге асыратын тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезеңдің сақтандырушы осы Заңың [16-бабының 1-тармағында](#) көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін өзі жүргізген сақтандыру тәуекелін бағалаудың нәтижелері бойынша ұлғайтуы мүмкін, бірақ ол 2 еседен аспауға тиіс.

18-бап. Сақтандыру сыйлықақыларын төлеудің тәртібі мен мерзімдері

1. Сақтандыру сыйлықақысын төлеудің тәртібі мен мерзімдері тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында белгіленеді.

2. Егер тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында сақтандыру сыйлықақысын төлем мерзімін ұзартып төлеу көзделсе, онда сақтанушының кезекті сақтандыру жарнасын төлемеуі сақтандырушының осы шартты мерзімінен бұрын тоқтатуы үшін негіз бола алмайды.

3. Кезекті сақтандыру жарнасы уақтылы төленбеген жағдайда сақтанушы сақтандырушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің [353-бабында](#) белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

2018.02.07. № 166-VI КР Заңымен 4-тармақпен толықтырылды (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді)

4. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы береді.

5-тaraу. Сақтандыру жағдайын, келтірілген зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

19-бап. Сақтандыру жағдайын және келтірілген зиянның мөлшерін айқындау

1. Тасымалдау кезінде жолаушылардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу бойынша тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру жағдайы деп танылады.

2. Жәбирленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянға оның қайтыс болуына, еңбекке қабілеттілігін уақытша немесе тұрақты жоғалтуына байланысты зиянның материалдық көрінісі жатады.

Жәбирленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшері тиісті ұйымдар берген құжаттар негізінде осы Заңға сәйкес айқындалады.

3. Жәбирленушінің мүлкіне келтірілген зиян жолаушының тасымалдаушы тасымалдауға қабылдап алған және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы), тасымалдау кезінде жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бұлінген) мүлкінің (багаж) құнын қамтиды.

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жаупкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Багаж және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар тасымалдаушының кінәсінен жоғалған, жетіспеген және (немесе) зақымдалған (бүлінген) кезде келтірілген зиянның мөлшері мынадай түрде:

1) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар жоғалған немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген бағаждың және (немесе) жолаушының жанындағы (қолындағы) заттардың құны мөлшерінде;

2) багаж, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттар зақымдалған (бүлінген) жағдайда - олардың төмендеген құны сомасының мөлшерінде, ал зақымдалған бағажын, сондай-ақ жолаушының жанындағы (қолындағы) заттарды қалпына келтіруге мүмкіндік болмаған кезде - олардың құны мөлшерінде;

3) тасымалдауға құны жарияланып тапсырылған бағаж жоғалған жағдайда - бағаждың жарияланған құны мөлшерінде айқындалады.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

4. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ тасымалдау кезінде жолаушылардың мүлкіне келтірілген зиянның мөлшерін дәлелдеу сақтанушыға (сақтандырылуышыға) жүктеледі.

Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтанушының немесе оның өкілінің жазбаша етінішімен сақтандырушы айқындалады.

5. Мүлккө келтірілген зиянның мөлшеріне сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы жасаған бағалаудың нәтижелерімен келіспеген жағдайда, сақтанушы (сақтандырылуышы) немесе жәбірленуші зиянның мөлшерін бағалау үшін басқа тәуелсіз сарапшыға жүргінуге құқылы. Бұл орайда, сақтанушы (сақтандырылуышы) немесе жәбірленуші шеккен шығындар, егер жүргізілген бағалаудың негізділігі мен объективтілігін сақтандырушы мойындаса немесе сот белгілейтін болса, сақтандырушы сақтандыру төлемінің жүзеге асырылғанына қарамастан, өтеуге тиіс.

6. Егер сақтанушы немесе тәуелсіз сарапшы өздері сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарды алғаннан кейін жеті жұмыс құні ішінде жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бүлінген) мүлікті тиісті қарауды және мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалауды сақтандыру актісін жасай отырып жүргізбеген болса, онда сақтанушы (сақтандырылуышы) не жәбірленуші тәуелсіз сарапшы көрсететін қызметтерді пайдалануға және мүлікті қалпына келтіруді (кәдеге жаратуды) бастауға құқылы. Бұл ретте сақтандырушы, егер зақымдалған (жойылған) мүлікті уақытылы бағалаудың мүмкін болмағандығы дәлелді себептерге (осы мүлік иесінің қайтыс болуы, сырқаттануы) байланысты екендігін не сақтанушының (сақтандырылуышының) немесе жәбірленушінің мүлікті бағалауға ұсынудан жалтаруына байланысты кінәсі бар екендігін дәлелдей алмаса, мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін бағалаудың нәтижелеріне дау айтуда құқылы емес.

20-бап. Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2022.27.06. № 129-VII ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

1. Тасымалдаушының жаупкершілігін міндетті сақтандыру шартында бір сақтандыру жағдайы (сақтандыру сомасы) бойынша сақтандырушы жаупкершілігінің шекті көлемі бөлек көрсетілуге және кемінде мынадай мөлшерлерді құрауға (айлық есептік көрсеткіштермен):

әрбір жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін және ол мыналарға алып келсе:

қаза табуға - 5 000;

мүгедектіктің;

бірінші тобы белгіленсі – 5 000;

екінші тобы белгіленсі – 3 500;

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жаупкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

үшінші тобы белгіленсе – 2 500;

мүгедектігі бар балаға – 5 000;

мертігуге, жарақаттануға немесе денсаулықтың мүгедектік белгіленбекен өзге де зақымдануына - амбулаториялық және (немесе) стационарлық емделуге іс жүзіндегі шығыстар мөлшерінде, бірақ 200-ден аспауға;

әрбір жәбірленушінің мұлкіне келтірілген зиян үшін - келтірілген зиян мөлшерінде, бірақ 250-ден аспауға тиіс.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 2-тармақ өзгертілді (бұр.ред.қара)

2. Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген, қайтыс болуға немесе мүгедектік белгіленуіне әкеп соққан зиян үшін сақтандыру төлемі осы баптың 1-тармағында белгіленген сақтандырушы жаупкершілігінің шекті мөлшерінде жүзеге асырылады.

Жолаушының өмірі мен денсаулығына тасымалдау кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі тасымалдаушының кінәсіна қарамастан өтеуге жатады.

3. Сақтандыру төлемінің мөлшерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының заң актісіне сәйкес белгіленген, сақтандыру төлемі күнгі айлық есептік көрсеткіш пайдаланылады.

4. Тасымалдаушының жаупкершілігін міндettі сақтандыру шарты жөніндегі франшиза бір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір жәбірленуші бойынша айлық есептік көрсеткіштің бес еселенген мөлшерін құрайды. Келтірілген зиянның мөлшерінен асып кеткен жағдайларда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

Жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі франшиза қолданылмай жүзеге асырылады.

5. Сақтанушының (сақтандырылуышының) шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажетті болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орында үшін жұмсалса, тиісті шаралар сәтсіз болғаның өзінде, сақтандырушының өтеуіне жатады.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерінде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемінің жалпы сомасы тасымалдаушының жаупкершілігін міндettі сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар сақтанушының сақтандырушы нұсқауларын орындауда нәтижесінде туындаған болса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз, толық мөлшерінде өтеледі.

Аталған шығыстарды сақтандырушы шығынға ұшыраған адамға тікелей өтейді.

6. Сақтандыру сомасы келтірілген зиянды толығымен өтеу үшін жетпеген кезде тасымалдаушы жәбірленушіге сақтандыру сомасы мен зиянның нақты мөлшері арасындағы айырмашылықты өтейді.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 7-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

7. Жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушіні жерлеуді жүзеге асырган тұлғаға сақтандырушы бір жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жерлеуге арналған шығыстарды өтейді.

21-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы шарттары

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1-тармақ өзгертілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қояды.

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жаупкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Сақтандырушының талап етуі бойынша өтініш беруші сақтандыруши қол жеткізе алатын мемлекеттік органдардың дереккорларында және (немесе) ақпараттық жүйелерінде электрондық нысанда бар құжаттарды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқаларын ұсынуға міндettі.

2. Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:
 - 1) 2018.02.07. № 166-VI ҚР [Заңымен](#) алып тасталды ([бұр.ред.қара](#))
 - 2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және жәбірленушілерге келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжат;
 - 3) көліктегі сақтандыру жағдайы туралы тасымалдаушы жасаған акті;
 - 4) жолаушыға билет берілген жағдайда - жол жүру билеті немесе оны алмастыратын құжат (билеттерді сату) ведомосының немесе билет түбіргенің тасымалдаушы растаған көшірмесі) немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен ресімделген күә айғақтары;
 - 5) жәбірленушіге еңбекке уақытша қабілетсіздіктің мерзімі туралы денсаулық сақтау үйымдары анықтамасының немесе мамандандырылған мекемелердің мүгедектік белгілеу туралы анықтамасының көшірмесі - ол белгіленген жағдайда;
- 2022.14.07. № 141-VII ҚР [Заңымен](#) 6) тармақша жаңа редакцияда ([бұр.ред.қара](#))
 - 6) жәбірленушінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе хабарлама және пайда алушының зиянды өтетуге құқығын растайтын құжат (көшірмесі) - жәбірленуші қайтыс болған жағдайда;
 - 7) жәбірленушінің жоғалған, жетіспеген немесе зақымдалған (бұлінген) мүлкінің тізбесі - мүлікке зиян келтірілген жағдайда;
 - 8) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушының (сақтандырылушының) залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын растайтын құжаттар - олар болған кезде.

Сақтандырушының сақтанушыдан (сақтандырылушыдан) не жәбірленушіден басқа да қосымша құжаттарды талап етуіне жол берілмейді.

[2007.07.05. № 244-III ҚР Заңымен 2-1-тармақпен толықтырылды](#)

2-1. Тасымалдаушы жасаған көліктегі сақтандыру жағдайы туралы актіде мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) жәбірленушінің тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) көлік түрі;
- 3) рейс нөмірі, поезд нөмірі, кеменің атауы және т.с.с;
- 4) жол жүру бағыты;
- 5) жәбірленушіде болған жол жүру билетінің сериясы және нөмірі;
- 6) сақтандыру жағдайының басталу орны, күні және уақыты;
- 7) жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зақымдардың сипаты;
- 8) жәбірленушінің мүлкіне келтірілген зақымдардың сипаты;
- 9) сақтандыру жағдайының мән-жайына қысқаша сипаттама;
- 10) тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті органның атауы;
- 11) жәбірленуші жіберілген медициналық мекеменің атауы және орналасқан жері;
- 12) көлік үйимы не көлік құралы басшысының тегі, аты, әкесінің аты және қолы;
- 13) тексеру жүргізуді жүзеге асыратын құзыретті орган өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және қолы;

[2014.29.12. № 269-V ҚР Заңымен \(\[бұр.ред.қара\]\(#\)\); 2018.24.05. № 156-VI ҚР Заңымен \(\[бұр.ред.қара\]\(#\)\) 14\) тармақша жаңа редакцияда](#)

- 14) жеке кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда, тасымалдаушының мөрі.
[2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен](#) 3-тармақ өзгерілді (2019 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) ([бұр.ред.қара](#))

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

3. Құжаттарды қабылдаған сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олар қабылдаған күнді көрсете отырып анықтама беруге міндettі.

Сақтанушы (сақтандырылуши, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талабын электрондық нысанда жөнелткен жағдайда, сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынуы мүмкін.

4. Жәбірленуші (ол қайтыс болған жағдайда - жәбірленушінің қайтыс болуына байланысты Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеттіруге құқылы тұлға), сондай-ақ сақтанушы (сақтандырылуши) немесе жәбірленушіге (зиянды өтеттіруге құқығы бар тұлға) келтірілген зиянды осы Заңда белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеуші және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға пайда алушы болып табылады.

5. Жәбірленушінің өміріне және денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі оған (зиянды өтеттіруге құқығы бар тұлғаларға) басқа сақтандыру шарттары бойынша тиесілі сомага қатыссыз жүзеге асырылады.

6. Жәбірленушінің жазбаша ресімделген өтініші немесе нотариат қуәландырған сенімхаты бойынша сақтандыру төлемі оның денсаулығын және (немесе) мулкін қалпына келтіру жөнінде қызмет көрсеткен (көрсетуші) тұлғаға тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде пайда алушыдан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдаудың талап етуге құқығы жоқ.

22-бап. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі

1. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Заңының [21-бабында](#) көзделген құжаттарды алған күннен бастап жеті жұмыс күн ішінде төлейді.

2. Сақтандыру төлемінің мөлшеріне пайда алушы дау айтқан жағдайларда сақтандырушы сақтандыру төлемін осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзім ішінде аталған тұлғалардың бірде-бірі қарсылық білдірмеген бөлігінде шұғыл түрде жүзеге асыруға міндettі.

Сақтандыру төлемінің дау айттылған бөлігін сақтандырушы бітім келісімі жасалған және оны сот бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, не, егер сот шешімді шұғыл түрде орындауды үйғармаса, осы дау бойынша сottтың шешімі заңды құшіне енген күннен бастап төлеуге тиіс.

3. Егер сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соққан оқиғаның нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығы нашарлап кетсе (мүгедектік не мүгедектіктің неғұрлым жоғары тобы белгіленсе) не қайтыс болса, онда сақтандырушы жәбірленушіден (пайда алушыдан) келіп түсken өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде, сақтандыру төлемінің сомасына осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде қайта есептеу жүргізуге міндettі. Бұл ретте сақтандыру төлемінің сомасын қайта есептеу кезінде бұрын төленген сомалар есепке алынады.

4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған кезде сақтандырушы пайда алушыға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің [353-бабында](#) белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыз айыбын төлеуге міндettі.

23-бап. Зиян келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушы сақтанушыға (сақтандырылушиға) төленген сома шегінде мынадай жағдайларда:

1) сақтанушының (сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның, қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-эрекетін қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-эрекеттері салдарынан басталса;

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

2) сақтанушының (сақтандырылушиның) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі оның көлік құралын алкогольге, есірткіге немесе уытқұмарлыққа мастық күйі жүргізуі салдарынан басталса;

3) көлік құралын жүргізуі адамның оны жүргізу құқығы болмаса;

4) соттың істі қарау барысында сақтандыру жағдайы көлік құралының техникалық ақауы салдарынан болғаны, олар туралы сақтанушының (сақтандырылушиның) білгені немесе білуге тиісті екені анықталса;

5) көлік құралы оның техникалық сипатына сай емес мақсаттарға пайдаланылса;

6) сақтанушы (сақтандырылуши) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту жөніндегі шараларды қасақана қолданбаған кезде кері талап қоюға құқылы.

2. Егер осы баптың 1-тармағында санамаланған жағдайларда келтірілген зиянға көлік құралын оның иесімен еңбек қатынасына орай немесе оның иесінің қатысуымен мәміленің жазбаша нысанын ресімдемей пайдаланған тұлға кінәлі болып табылса, онда сақтандырушының осы көлік құралының иесіне кері талап қоюға құқылы бар.

3. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған сақтандырушыға ол төлеген сома шегінде сақтанушының (сақтандырылушиның) сақтандыруши сақтандыру нәтижесінде өтеген шығындар үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап құқығы аудысады.

24-бап. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатудың негіздері

1. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

1) қажетті қорғану және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

2014.03.07. № 227-V ҚР Заңымен 2) тармақша жаңа редакцияда (2015 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

2) пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған әрекеттері салдарынан болса, сақтандыру төлемін толық немесе ішінера төлеуден бас тартуға құқылы.

2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін, сондай-ақ:

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 1) тармақша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

1) сақтанушының, сақтандырылушиның, пайда алушының залалдың тиісті өтемін залал келтіруге кінәлі тұлғадан алуы;

2) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламау немесе уақытылы хабарламау;

3) жәбірленушінің мүлкіне ақша, бағалы қағаздар, алтын, күмістен жасалған бүйімдар, құнды заттар, әсемдік бүйімдар, өнер туындылары немесе басқа да құндылықтар түрінде зиян келтіруі негіз болуы мүмкін.

3. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандырушыға уақытылы хабарламау немесе хабарламай қою, егер бұл дәлелді себептерге байланысты болса және сақтандыру жағдайының басталғаны, жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені туралы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылса және мүлік бағалау үшін сақтандыру жағдайы басталғаннан кейінгі күйінде ұсынылса, сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіз бола алмайды.

2018.02.07. № 166-VI ҚР Заңымен 4-тармақ жаңа редакцияда (бұр.ред.қара); 2022.12.07. № 138-VII ҚР Заңымен 4-тармақ өзгертілді (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

4. Сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде өтінішті және барлық құжатты алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы талапты мәлімдеген тұлғаға бас тарту себептерінің уәжді негізdemесімен және сақтанушының (сақтандырылушиның, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүргіну құқығы туралы хабарламамен сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешімді жазбаша нысанда жіберуге міндettі.

5. Сақтандырушы, егер сақтандыру жағдайы:

- 1) ядролық жарылыстың, радиациялық немесе радиоактивті улану әсерінің;
- 2) соғыс қымылдарының;

3) азамат соғысының, түрлі сипаттағы халық толқуларының, жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің салдарынан туған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

6. Сақтандырушының осы бапта көзделмеген негіздер бойынша сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы жоқ.

2018.02.07. № 166-VI КР Занымен 24-1-баппен толықтырылды

24-1-бап. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру жөніндегі дауларды реттеу ерекшеліктері

2022.12.07. № 138-VII КР Занымен 1-тармақ жаңа редакцияда (2022 ж. 12 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілді) (бұр.ред.қара)

1. Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындейтын дау болған кезде сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы):

талаптарын көрсетіп және өзінің талабын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтінішін сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберуге не «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Занында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындейтын дауларды реттеу үшін өтінішін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурс арқылы) немесе сотқа жіберуге құқылы.

2. Сақтандырушы сақтанушыдан (жәбірленушіден, пайда алушыдан) өтінішті алған кезде бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып жазбаша жауап береді.

3. Сақтанушы (жәбірленуші, пайда алушы) сақтандыру омбудсманына өтініш жасаған жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, жәбірленушінің (пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды сұрау салу алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндettі.

6-тарау. Қорытынды ережелер

25-бап. Дауларды қарау тәртібі

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру шартынан туындейтын даулар Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен қаралады.

26-бап. Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы зандарын бұзғаны үшін жауаптылық

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заңы (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

Қазақстан Республикасының тасымалдаушының жауапкершілігін міндепті сақтандыру туралы заңдарын бұзуға, сондай-ақ сақтандыру жағдайын қасақана жасауға және сақтандыру төлемдерін заңсыз алуға бағытталған өзге де құқыққа қарсы іс-эрекеттер істеуге кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. НАЗАРБАЕВ

Источник: Информационная система "ПАРАГРАФ"

Документ: «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 ж. 1 шілдедегі № 444-II Заны (2022.12.09. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)